

«МӘДЕНИ МҰРА» – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙ ЖОБА
Жанақова Н.Т.

тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның қазіргі заман тарихы
және дүниетанымдық пәндер кафедрасының доценті,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
Алматы қ., Қазақстан, nurgul.zh.t@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау жөнінде Қазақстан Республикасында 2003-2011 жылдары іске асырылған шаралардың ерекшеліктері мен жетістіктері жан-жақты ашып көрсетілген.

Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі

«Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан халқына және күллі әлемге Қазақстанның ұлы мәдени мұрасы сақталып, дамып, Тәуелсіздік кезеңіне қызмет етіп келе жатқанын әйгілеген теңдессіз ізгі акция бола алды.

Тірек сөздер: мәдени мұра, бағдарлама, ұлттық, тарих, мемлекеттік, қоғам, сана, қолжазба, кітап, зерттеу.

Мәдени мұра – орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Мұра – осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің де қайнар көзі. Бұл, табиғи байлықтарымен қатар, ұлттық өзін-өзі сыйлауы мен әлемдік қоғамдастықты мойындатуына басты негіз болып табылады. Осы ретте елімізде 2003-2011 жылдары сәтті жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев осыдан 17 жыл бұрын, яғни 2003 жылы 5 сәуірде «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын «Мәдени мұра» арнаулы мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, іске кірісуді ұсынамын» деп [1] осы маңызды жобаны жүзеге асыруды тапсырған болатын.

Сөйтіп, 2004 жылдан бастап, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске қосты. Бұл жоба 2003 жылы алғаш рет жүзеге асырылып екі жылға есептелген болатын, бірақ кейін 2007-2009 және 2009-2011 жылдары арасында жалғасын тапты. Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 Жарлығымен бекітілген «2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулысына сәйкес бұл бағдарламаның мақсаты: «Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету» деп атап көрсетіліп [2, 568], елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін зерттеу, қалпына келтіру, тарихи-мәдени дәстүрлерді жаңғырту

және шет елдерде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу шараларын жүргізу сияқты міндеттер қойылды.

Бағдарламаның бірінші бағыты халықтың мәдени мұрасының байлығы арқылы қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін дамытуға және нығайтуға бағытталған. «Мәдени мұраның» екінші маңызды бағыты – ұлттық рухани қазына байлығының әлемге танылуы болса, үшінші бағыты – ұлттық мәдени мұраны зерделеу жүйесін құру: тарих, философия, этнография, тіл, әдебиет, кескіндеме, музыка және т.б.

Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі. Осы тарихи маңызды құжат қабылдағаннан кейін 2004 жылы 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. 218 нысанды қамтыған Қазақстанның тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі дайындалды. Ұлттық мәдениет үшін аса маңызды 30 сәулеттік және археологиялық қосымша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

«Мәдени мұраның» басты мақсаты халықтың жоғалтқанын табу, өшкен жадыны жаңғырту, барымызды көрсету, тарихымызды қайта тірілту екені белгілі. Міне осы тұрғыда бағдарлама аясында еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Бүгінгі күні мемлекеттік мұражайларда екі миллионнан астам мәдени құндылықтар сақталуда. Ұлттық мәдениет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөнінде жұмыс жүргізілді.

Екі кезеңге бөлінген мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы өз міндетін өте жоғары деңгейде орындады. Алғашқы кезеңі жалпы мемлекеттік тұрғыда іске асса, екінші кезеңінде салалар бойынша жұмыстар нақты орындалды. Атап айтқанда, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында 35 тарих және мәдениет ескерткіштерінде жаңғырту жұмыстары, 30 қалашық, қоныс, тұрақ пен қорғанда археологиялық зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапон, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ, бірқатар Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылды. Экспедициялар барысында тек Қытайдың өзінде ғана Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген үш жарым мыңға жуық тың дерек табылды. Осы зерттеулердің нәтижесінде, қазір Қазақстанда қазақ хандары мен сұлтандарының Қытай, Қоқан, Хиуа және де басқа шектес жерлердің билеушілерімен хат алмасуы жөнінде көптеген тарихи маңызды деректер жиналды.

Жүздеген жазба ескерткіштер Еуропа мемлекеттерінің кітапханалары мен дипломатиялық мұрағаттарынан табылды. Шет елде Орталық Азиядағы көне көшпелі халықтардың шаруашылық құрылысы мен антропологиялық түріне, олардың тілдерінің өзара ықпалына және өзара қарым-қатынастарына қатысты этнологиялық деректердің табылуының маңызы айрықша зор.

Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені сияқты екі ғажайып ескерткіш ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енді. Мемлекеттік бағдарлама аясында 230 аталым кітап жарық көрді, арасында тарих, археология, этнография жөніндегі аса құнды сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер бар. Мысалы, «Бабалар сөзі» сериясы жүздеген жылдар бойы жасалған қазақ халқының бай ауыз әдебиетін жинақтауға мүмкіндік берсе, «Қазақтың ата заңдары» жинағы қазақ халқының құқықтық санасының даму тарихын ашып көрсетеді.

Егеменді Қазақстанның бүгінгі өмірі мен оның жан-жақты даму перспективаларын мәдени мұрасыз елестету мүмкін емес. Мәдени мұра сана-сезімді қалыптастыру негіздерінің бірі, ізгілік пен отаншылдық құндылықтар сабақтастығын орнықтыруда зор әлеуетке ие. Елбасы Н.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын мемлекеттің мәдениетіне қолдау көрсететін стратегиялық ұлттық жоба деп атаған. Осы орайда «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасында Қазақстанның жаһандану жағдайында мәдени жаңғыруы принципінің негізі қаланды» [3, 626].

Мәдени мұраның экономикалық ресурсын жұмылдыру – елді қайта жандандырудың негізі. Тарихи ортаның сақталуы республикамыздың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді. Ол, сонымен қатар, бүкіл қазақстандық қоғамдастықтың игілігіне айналар жанама артықшылықтардың шеңберін кеңейтуге де алып келеді.

Мәдени мұраны сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың базалық қағидаты – бұл жұмыстың мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік дамуы аясында ғана тиімді болатындығына негізделген кешенді көзқараспен қарау. Мәдени мұраны сақтау орнықты даму стратегиясының шешуші элементі болуға тиіс.

Елімізде жүзеге асқан «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жоба нәтижелерінің қайталанбас тарихи маңызы бар» [4, 188]. Бұл бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құрды. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтай жинақтап қазіргі жастарға жеткізу жаһандық өркениет аясында ұлттық бірегейлікті сақтайды.

Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқы бай тарихтың иесі. Қазақ даласы әлемге «Екінші ұстаз» атанған әл-Фарабиді, Ж.Баласағұни, Ахмет Иассауи, М.Қашғари, Қадырғали Жалаири сынды ғұламаларды берді. Олардың еңбектері ортағасырдағы Орта Азиялық ренессанс кезеңінің мәдени өміріне зор үлес қосқан асылдары болып табылады. Әсіресе, әл-Фарабидің сан-салалы ғылыми еңбектері тек Ибн Сина, Бируни, Хорезми, Омар Хайям, Хафиз секілді Таяу немесе Орта шығыс ғұламаларының ой-пікірлеріне ғана емес, сонымен бірге Еуропа ғылымына да ықпал етті.

Қазақстанның мәдени қазыналарын тауып, бүгінгі ұрпақтың ол байлықты сақтауына, танып білуіне, рухани мәдениет саласындағы білімін дамытуға ұсынған еліміздің ғұлама ғалымдарының қажырлы еңбектері қазақ халқы ұйысуының асыл арналары болып табылады. Есік қаласынан табылған «Алтын адам» ескерткішінен бастап, Орхон-Енисей тас жазулары, кең байтақ жеріміздің әр аймағынан табылып жатқан ежелгі мәдениет жәдігерлері, көне сәулеттік ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнер туындыларының үлгілері – осының бәрі Қазақстан мәдениетінің қазынасын байыта түсіп, бүгінгі ұрпақтың рухани білім көзіне айналды.

Он жыл ішінде ұлан-ғайыр жұмыстар атқарылды. Қазақ тарихына қатысты қытай, монғол, иран, араб, түрік мұрағаттарындағы, Еуропа мен Азияның өзге де елдерінің сан алуан қорлары мен кітапханаларындағы ондаған мың құжаттардың көшірмесі алынып, ғылыми айналымға түсті. Солардың негізінде көптеген монографиялар, оқулықтар және зерттеу еңбектер жарық көрді. Қазақстан аумағындағы 37 көне қалалар зерттеліп, 113 тарихи-мәдени ескерткіштерге жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қазақ халқының тарихында бірінші рет 100 томдық «Бабалар сөзі» деген атпен қазақ ауыз әдебиетінің жинағы жарық көрді. Көрнекті тілші-ғалым, ҚР ҰҒА академигі Р.Сыздықова ерекше атап өткендей: «Қазақ халқының бірнеше мыңдаған жылдарда біртіндеп қалыптасып, даму үрдістерінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен сөз өнерін, дәлірек айтқанда, фольклорлық мұраларын қамтыған «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясының жарыққа шығып, оның 2014 жылы Германия Федеративтік Республикасының Майндағы Франкфурт кітап көрмесіне қойылуы дүниежүзі мәдениетіндегі ірі құбылыстардың бірі ретінде қабылданды» [5].

Сонымен бірге «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған ғылыми, фольклорлық экспедициялар мен зерттеулер нәтижесінде «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» атты бірегей жобалар жүзеге асырылды. Мұндай бағдарлама ешқандай елде болмаған. Он жылдың ішінде мемлекет қазынасынан жылма-жыл қомақты қаржы бөлініп отырды. Осыған сәйкес атқарылған жұмыстар да қыруар. Қазақ тарихы мен мәдениетіне 500 мыңға тарта құжат әкелінді.

Біздің арғы шыққан тегіміз туралы көптеген мәлімет беретін, ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40

археологиялық зерттеулер жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде «скиф-сібір аң стиліне» немесе өнеріне (б.з.д. V-III ғғ.) жататын алтын бұйымдар табылды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің үлкен көлемдегі инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі толымды гуманитарлы білім беру қоры құру басталды. 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі.

Мұндай жоба дүние жүзінің басқа елдерінде бұрын-соңды қолға алынбаған екен. Бағдарлама қабылданған соң, екі жылдан кейін 2006 жылы көктемде ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде салтанатты түрде тұсаукесер рәсімі жасалды. Осылайша, халықаралық дәрежеде танылды. Бұл, шындап келгенде, мәселенің сыртқы көрінісі ғана. Ішкі жағына үңілсек, нәтижесі алдын ала ойластырылған және мағынасы зор, ауқымды шара екеніне көз жеткіземіз. Ең бастысы, «Мәдени мұра» бағдарламасы өз алдына тәуелсіз ел болған отыз жылға жуық мерзімде билік пен қоғамның өзара бірін-бірі қолдап, жоғары деңгейде түсінісіп, тізе қосып атқарған бірден-бір жемісті жұмысы болды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы еліміздің ғылыми және мәдени дамуындағы күшті серпіліс болды. 2004 жылдан бастау алған бағдарлама әлемдегі теңдесі жоқ жоба болып табылады. Қазіргі таңда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып, жаңа зерттеулер нәтижесінде қазақстандық ғылым көкжиегі құнды еңбектермен толықты.

Мәдени мұраны игеру – ұлттық сананың негізі. Осы тұрғыда «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт мәдениетін дамытуға үлкен серпін берді де, одан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 13 сәуірдегі санында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы негізінде қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен сәтті жалғасын тапты. Сөйтіп, «Мәдени мұра» бағдарламасы мәдениеттің қай саласында болмасын тамаша көрініс тауып, нақты нәтижелерге қол жеткізуге жол ашты.

Түйіндей келгенде, «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан халқына және күллі әлемге Қазақстанның ұлы мәдени мұрасы сақталып, дамып, Тәуелсіздік кезеңіне қызмет етіп келе жатқанын әйгілеген теңдессіз ізгі акция бола алды» [6, 286]. Сол себепті дана халқымыздың ұлы мұраты ұлықталып, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұрпағы үшін ұлы істі атқаруды қолға алған мемлекетіміздің келешегі кемел, болашағы баянды болатынына кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары// Егемен Қазақстан. – 2003. – 5 сәуір.

[2] 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы. – Кіт.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 704 бет.

[3] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. –Алматы: «Атамұра», 2010. – Т.5. – 688 бет.

[4] Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 264 б.

[5] Сыздықова Р. Асыл сөз арнасы //Егемен Қазақстан. – 2016. – 12 шілде.

[6] Назарбаев Н.Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – 508 бет.

REFERENCES

[1] Nazarbaev N. Ishki zhane syrtqy sayasattyn 2004 zhylyga arналған negizgi bagyttary (Main directions of domestic and foreign policy for 2004). Egemen Қазақстан. – 2003. – 5 сәуір.

[2] 2004-2006 zhyldarga arналған «Madeni mura» memlekettik bagdarlamasy туралы. (About the state program "cultural heritage" for 2004-2006). – Kit.: Qazaqstan. Ulttyq enciklopediya. – Almaty: «Qazaq enciklopediyasynyn» Bas redakciyasы, 2007. – 704 p.

[3] Qazaqstan tarihy (kone zamannan byginge dejin). (History of Kazakhstan (from ancient times to the present). Bes tomdyq. –Almaty: «Atamura», 2010. – Т.5. – 688 p.

[4] Qazaqstan (Qazaq eli) tarihy: 4 kitaptan turatyn oqulyq. Tauelsiz Qazaqstan: algyscharttary zhane qalyptasuy. (History of Kazakhstan (Kazakh Eli): a textbook consisting of 4 books. Independent Kazakhstan: prerequisites and formation). 4-kitap. – Almaty: Қазақ universiteti, 2016. – 264 p.

[5] Syzdyqova R. Asyl soz arnasy. Egemen Qazaqstan. (Asyl Soz channel. Egemen Kazakhstan). – 2016. – 12 shilde.

[6] Nazarbaev N.Tauelsizdik дәuiri. (The era of independence).– Almaty: QAZAqparat, 2017. – 508 p

CULTURAL HERITAGE - A UNIQUE NATIONAL PROJECT

Zhanakova N.T¹.

¹Candidate of historical sciences, assoc. professor

Department of contemporary history of Kazakhstan and Worldview Disciplines,
Kazakh Ablai Khan University of international Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan, nurgul.zh.t@mail.ru

The article describes in detail the features and achievements of the measures implemented in the Republic of Kazakhstan in 2003-2011 to preserve historical and cultural monuments within the framework of the state program "Madeni Mura". "The state program" "Madeni Mura" "adopted in the address of the head of State is proof of the global prosperity of modern Kazakhstan" "The program ""madeni Mura "" has become an unprecedented action that has shown the people of Kazakhstan and the whole world that the great cultural heritage of Kazakhstan is preserved, developed and serves the period of Independence."

Keywords: cultural heritage, program, national, history, state, society, consciousness, manuscript, book, research.

«КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» – УНИКАЛЬНЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ

Жанакова Н.Т¹.

¹Кандидат исторических наук, доцент кафедры

Современной истории Казахстана и мировоззренческих дисциплин,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан. nurgul.zh.t@mail.ru

Аннотация. В статье подробно освещены особенности и достижения мероприятий, реализованных в Республике Казахстан в 2003-2011 годах по сохранению историко-культурных памятников в рамках государственной программы «Мәдени мұра». Государственная программа «Мәдени мұра», принятая по Посланию Главы государства – свидетельство мирового процветания современного Казахстана Программа "Мәдени мұра" стала беспрецедентной доброй акцией, которая принесла народу Казахстана и всему миру признание того, что великое культурное наследие Казахстана сохраняется, развивается и служит периоду независимости.

Ключевые слова: культурное наследие, программа, национальное, история, государственная, общество, сознание, рукопись, книга, исследование